

8D01201 - Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-эрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамыту» тақырыбындағы орындалған Мамытбаева Жанат Абдиманаповианың диссертациялық жұмысына рееми рецензент, педагогика ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ профессоры Менлибекова Гульбахыт Жолдасбековианың

СЫН-ПІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p>	<p>Диссертация тақырыбы Қазақстан Республикасының 2050 жылға дейінгі даму стратегиясының «Білім және кәсіби машина – заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары» атты бағытына сәйкес келеді. Қазақстан Республикасының 2050 жылға дейінгі даму стратегиясында белгіленген міндеттерді шешуге бағытталған. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандығы №726 қаулысымен бекітілген «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы шеңберінде орындалған.</p>
		<p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен каржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Диссертация Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссиямен бекітілген ғылымды дамытудың негізгі бағытымен сәйкес келеді: 7) «Білім беру мен ғылым саласындағы зерттеулер»; 8) «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласы бойынша зерттеулер»: ғылыми жұмыс ғылымның және білім берудің негізгі трендтеріне сәйкес әзірленген: жасалған тұжырымдарды мектепке дейінгі педагогика ғылымы саласында ғылым және жоғары білім саясатын жүргізуіндік заманауи тәсілдерін қолдану бағытында, сонымен қатар мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы мамандарын даярлайтын педагогикалық колледждерде, жоғары оқу орындарында және ғылыми-педагогикалық кадрлар біліктілігін арттыру орталықтарында қолдануға болады</p>
2.	Ғылымға	Жұмыс ғылымға елеулі	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады

	маңыздылығы	Үлесін косады/коспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	және өйткені болашақ мектепке дейінгі үйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытудың теориялық қағидалары негізінде әдістемесінің жасалуы және оның жоғары оку орындары педагогикалық үдерісіне ендірілуі болашақ мектепке дейінгі үйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетінің жоғары деңгейде сапалы дамуына, болашақ мектепке дейінгі үйым педагогтерінің жобалап оқыту технологиясы туралы іргелі және қолданбалы білімдерін кеңейіп, оку іс-әрекетінде жүзеге асыруына негіз болады және оның маңыздылығы ашылған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаган	Өзі жазу деңгейі: жоғары. Диссертацияның зерттеу інтижелерінің дәйектілігі, мақұлдануы, сынақтан өтуі философиялық, педагогикалық және психологиялық енбектердегі теориялық және әдіснамалық тұжырымдарға негізделуінен айқын көрінеді.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негізdemесі: 1) <u>негізделген</u> ; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген. 4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындауды 1) <u>айқындауды</u> ; 2) жартылай айқындауды; 3) айқындаамайды	Диссертация өзектілігі ғылымның даму деңгейі мен қоғамдық сұраныстарға байланысты негізделген. Диссертация мазмұны «Болашақ мектепке дейінгі үйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамыту» атты диссертация тақырыбын айқындауды. Диссертация мазмұны «Болашақ мектепке дейінгі үйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздері», «Болашақ мектепке дейінгі үйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытуға арналған тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар мазмұны» атты үш тараула жүйелі түрде көрініс тапқан.

		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>сәйкес келеді</u>; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді 	<p>Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Зерттеудің мақсаты - болашақ мектепке дейінгі үйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздерін нақтылау және оның әдістемесін тәжірибелік эксперименттік жұмыс барысында сынақтан өткізу. Мақсат зерттеудің жобалап оқыту технологиясы арқылы зерттеушілік іс-әрекетті дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздерін нақтылау; болашақ мектепке дейінгі үйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытудың күрьымдық-мазмұндық моделін жасау; болашақ мектепке дейінгі үйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамыту мақсатындағы тәжірибелік эксперименттік жұмыс барысында әдістеменің тиімділігін тексеру және ұсыныстар даярлау міндеттеріне сәйкес келеді.</p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>толькі байланысқан</u>; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ 	<p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышы логикалық толық байланысқан. Диссертацияның «Болашақ мектепке дейінгі үйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздері» (зерттеушілік іс-әрекет) және «жобалап оқыту технологиясы» ұғымдарының гылыми әдебиеттердегі зерттелу жайы, болашақ педагогтердің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытудың отандық және шетелдік тәжірибесі, болашақ мектепке дейінгі үйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытудың әдіснамалық тұғырлары зерделенеді); «Болашақ мектепке дейінгі үйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытудың</p>

		<p>ғылыми-тәжірибелік алғышарттары» (болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің жобалап оқыту технологиясы арқылы зерттеушілік іс-әрекетін дамытудың құрылымы мен мазмұны, болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытудың әлеуеті, болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі негізделеді), «Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытуға арналған тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар мазмұны» (болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің жобалап оқыту технологиясы арқылы зерттеушілік іс-әрекетін дамыту әдістемесі, болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамыту механизмі, тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелері сипатталады) атты үш тарауы мен құрылымы өзара логикалық бірізділік негізінде толық байланысқан.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қагидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) <u>сыни талдау бар;</u> 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p> <p>Автор ұсынған жаңа шешімдер (қагидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) сыни талдау бар.</p> <p>Диссертацияда автор келесі жаңа шешімдерді (қагидаттарды) ұсынған: жобалап оқыту технологиясы арқылы зерттеушілік іс-әрекетті дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздері нақтыланды; болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытудың әлеуеті анықталды; болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды; болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамыту</p>

			мақсатындағы тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында әдістеменің тиімділігі тексеріліп, ұсыныстар даярланды.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қагидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Ғылыми нәтижелер мен қагидаттар толығымен жаңа болып табылады, ейткені «зерттеушілік іс-әрекет» ұғымы жаңалықты оку үдерістерінде анықтауға, байланыстары мен қатынастарын орнатуға, нақты фактілерді теориялық және эксперименттік тұрғыдан дәлелдеуге, таным жүйесінің зерттеу әдістері арқылы занылдықтарды анықтауға бағытталған шығармашылық мазмұндағы іздену іс-әрекеті» ретінде, ал мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекеті - шығармашылық, ізденушілік, ұйымдастышылық қабілеттері арқылы жаңа идея қалыптастыру, білім, білік, дағдыларын дамыту, кәсіби біліктілігін жетілдіру сапасы ретінде негізделген.</p> <p>Жобалап оқыту технологиясы арқылы зерттеушілік іс-әрекетті дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздері зерделенген; болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытудың әлеуеті (кәсіби дайындықтың мазмұны; жобалық әрекет, зерттеушілік іс-әрекет) ғылыми тұрғыдан айқындалған; болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамыту мотивациялық, когнитивтік, іс-әрекеттік, рефлексивтік компоненттерін қамтитын құрылымдық-мазмұндық моделі негізделген; болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамыту мақсатындағы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті мен Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінде жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында әдістеменің тиімділігі анықталған.</p> <p>5.2 Диссертацияның корытындылары жаңа</p> <p>Диссертацияның корытындылары толығымен жаңа болып табылады.</p>

		<p>болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Біріншіден, «зерттеушілік іс-әрекет», «жобалап оқыту технологиясы» ұғымдарының мәні нақтыланды; болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытудың жүйелілік, аксиологиялық, іс-әрекеттік, инновациялық, акмеологиялық тұғырлары негізделді; мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамыту әлеуеті, құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленді; болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекет деңгейлері мен даму жолдары анықталды және тәжірибелік – эксперименттік жұмыс нәтижелері ұсынылды.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа жәнеғылыми тұрғыда талаптарға сәйкес негізделген.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындыларғыларғылами тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмегенді (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Барлық қорытындыларғылами тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген.</p>
7.	Корғауға шығарылған негізгі қагидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) <u>жоқ</u></p>	<p>7.1 Бірінші қағидат дәлелденді, өйткені болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамыту – зерттеушілік іс-әрекетті педагогтің жалпы қасіптік даярлығының ажырамас бөлігі ретінде түйсіну, оқыту үдерісіндегі қызмет түрлерін білу, педагогтің зерттеушілік іс-әрекетін ұйымдастыра алу, жобалық технологияны әзірлеу әдісі, педагогтердің инновацияларга бейімделуін реттеу, жаңа идеяларды</p>

		<p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия; 2) жок</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар; 2) орташа; 3) <u>кен</u></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>ия</u>; 2) жок</p>	<p>жүзеге асыру сиякты бір-бірімен тығыз байланысты компоненттерден тұратын күрделі жеке қасиеттерді қамтиды.</p> <p>7.2 Жок. Қағидат тривиалды емес, өйткені қағидаттың ғылыми жаңалығы дәлелденген.</p> <p>7.3. Ия. Бірінші қағидат жаңа, өйткені болашақ мектепке дейінгі үйым педагогінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытудың мәні айқындалған</p> <p>7.4. Кен.</p> <p>Болашақ мектепке дейінгі үйым педагогінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамыту жогары білім жүйесінде жүзеге асыру ауқымы кен.</p> <p>7.5 Ия. Мақалада дәлелденген.</p> <p>«Жоғары оку орындары жағдайында педагог-тәрбиешілердің зерттеушілік мәдениетін қалыптастырудың теориялық негіздері» атты мақаласы 2021 ж. жарыққа шыққан «Абай ат. ҚазҰПУ Хабаршысы» «Педагогика ғылымдар» сериясы басылымының №1(69) санында және халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинақтарында 4 мақала жарияланған.</p> <p>7.1 Екінші қағидат дәлелденді, өйткені болашақ мектепке дейінгі үйым педагогінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытуудың әлеуеті – болашақ педагогтің кәсіби деңгейде өз міндеттерін орындау қабілетін анықтайдын кіріктірілген табиғи және журе пайда болған қасиеттердің жиынтығы ретінде негізделген. Зерттеушілік іс-әрекетті жобалап оқыту технологиясы арқылы дамыту әлеуеті – тұлғалық, зияткерлік, шығармашылық қасиеттерді пайдалана алу мүмкіндігін білдіреді.</p> <p>7.2 Жок. Қағидат тривиалды емес, өйткені қағидаттың ғылыми жаңалығы акмеологиялық тұғыр контекстінде адамның ішкі әлеуетін дамытуға және оның кәсіблілігі мен бейімделуін арттыруға бағытталғанын зерделеу негізінде дәлелденген.</p> <p>7.3. Ия. Екінші қағидат жаңа, өйткені ізденуші білім беру үдерісіне</p>
--	--	--	--

қатысушылардың өзара әрекеттесуінің интерактивті түрін болжаудың тұлғаның шыгармашылық және зерттеушілік әлеуетін дамытуға ықпал етуін негіздеуі арқылы тұжырымдады.

7.4. Кең, өйткені тұлғалық әлеует - бұл қоғамдағы өз орнын, басқа адамдар арасындағы позициясын анықтайтын қоғамның мүшесі ретінде тұлғаны сипаттайтын әлеуметтік маңызды белгілердің тұракты жүйесі болғандықтан, жогары оку орындарында жогары білім бағдарламаларын жүзеге асыруға бағытталған педагогикалық үдеріске енгізуудың мүмкіндігі жогары.

7.5 Ия. Макалада дәлелденген. Екінші қағидат «Болашақ педагог-тәрбиешінің жеке ғылыми зерттеушілік іс-әрекеті арқылы танымдық қабілеттерін жетілдіру» атты ғылыми мақалада көрініс тапқан.

7.1 Үшінші қағидат дәлелденді, өйткені болашақ мектепке дейінгі үйым педагогінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін әзірлеу негізінде мотивациялық, когнитивті, іс-әрекеттік және рефлексивтік компоненттерінің бірыңғай құрамының қалыптасатыны дәлелденді.

7.2 Жоқ. Қағидат тривиалды емес, өйткені қағидаттың ғылыми жаңалығы дәлелденген.

7.3. Ия. Үшінші қағидат жаңа, өйткені білім алушылардың зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамыту мәселелерін зерттеудің әдіснамалық негіздері мен құралдары жүйелілік, аксиологиялық, іс-әрекеттік, инновациялық тұғырлар негізінде анықталуы болашақ мектепке дейінгі үйым педагогінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделінің білім алушылардың білім алуға қызығушылықтарын, жобалап оқыту технологиясы негізінде зерттеушілік іс-әрекетті орындаі алуын, жобалық,

		<p>зерттеушілік іс-әрекетті менгеруін, өзін-өзі реттеуін қамтуға мүмкіндік жасады.</p> <p>7.4. Кең.</p> <p>Зерттеу нәтижелерін мен әдістемелік ұсыныстарды, зерттеу материалдарын педагогикалық жоғары оқу орындарының, педагогикалық колледждердің, мектепке дейінгі білім беру үйымдарының тәжірибесінде, тәрбиеші-педагогтердің біліктілігін жетілдіру жүйесінде толық пайдалануға болады</p> <p>7.5 Ия. Мақалада дәлелденген.</p> <p>Ушінші қағидат Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім Министрлігі ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті бекіткен басылымдарда жарияланған 4 мақалада көрініс тапты.</p> <p>7.1 Төртінші қағидат дәлелденді, өйткені «Жобалап оқыту технологиялары негізінде зерттеушілік іс-әрекетті дамыту» элективті курсы, «Мектепке дейінгі үйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетіндегі жобалау технологиясы» әдістемелік құралынан тұратын болашақ мектепке дейінгі үйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытудың әдістемесі ұсынылды.</p> <p>7.2 Жоқ. Қағидат тривиалды емес, өйткені қағидаттың ғылыми жаңалығы дәлелденген.</p> <p>7.3. Ия. Ушінші қағидат жаңа, өйткені «Жобалап оқыту технологиялары негізінде зерттеушілік іс-әрекетті дамыту» элективтік курсы жобалап оқыту технологиясы арқылы зерттеушілік іс-әрекетті дамытуда ұлken әлеуетке ие, бұл педагогикалық жағдайларды модельдеу, педагогикалық қызметтің әртүрлі формаларын құру, педагогикалық қызметтің әртүрлі модельдерінде жобалық тапсырмаларды орындау, жобалау мен болжаудың психологиялық-педагогикалық әдістерін зерттеу дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.</p> <p>7.4. Кең.</p> <p>Элективті курс арқылы жобалап оқыту</p>
--	--	--

			<p>технологиялары негізінде мектепке дейінгі білім беру және тәрбиелеу мамандығы білім алушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамыту жүйесін жогары оку орындары тәжірибесіне енгізу мүмкіндігі кең.</p> <p>7.5 Ия. Макалада дәлелденген. Зерттеу нәтижелері Scopus базасындағы ғылыми басылымда 1 макалада жарияланған.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің тандауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) <u>иля</u>; 2) жок</p>	<p>8.1 Ия. Әдістеменің тандауы негізделген немесе әдіснама нақты жазылған.</p> <p>Зерттеуде теориялық әдістер (философиялық, педагогикалық, психологиялық, әдістемелік зерттеулер мен ғылыми енбектерге талдау, жинақтау, жүйелеу, салыстыру, контент талдау, педагогикалық модельдеу, құрылымдау, ассоциациялау); эмпирикалық әдістер (саулнама, бақылау, тестілеу, зерттеушілік тапсырмаларды талдау, өзіндік бағалау, алынған сандық, сапалық нәтижелерге математикалық статистикалық талдау) колданылған. Т.Элерстің «Табысқа жету мотивациясы» мотивацияның бағытын бағалауға арналған анықтау тесті, Ю.В.Рындинаның өзіндік бағалау әдістемесі «Студенттердің кәсіби іс-әрекетке теориялық және әдіснамалық даярлығы», Е.Е.Туниктің «Тұлғалық креативтіліктің диагностикасы, В.Ф.Раховский бойынша «Қарым-қатынас деңгейін бағалау» тесті колданылды.</p>
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды колдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өндеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) <u>иля</u>; 2) жок</p>	<p>8.2 Ия.</p> <p>Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды колдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өндеу және интерпретациялау әдістемелерін (ПК – «Excel», IBMStatistic SPSS бағдарламалары) пайдалану негізінде алынған.</p>
		<p>8.2 Теориялық корытындылар, модельдер, анықталған</p>	<p>8.2 Ия. Тәжірибелік эксперименттік жұмыс Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті мен</p>

		<p>өзара байланыстар және зандылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>иа;</u> 2) <u>жок</u> 	<p>Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінде ұйымдастырылып, жүзеге асырылды. Тәжірибелік-экспериментке 125 білім алушы қатысты. Ғылыми нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденген.</p>
		<p>8.4.Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара <u>расталған</u> / расталмаған</p>	<p>Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.</p>
		<p>8.5.Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті</p>	<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Ізденуші 238 әдебиетті қолданған.</p>
9	Практикалық күндылық принципі	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>иа;</u> 2) <u>жок</u> 	<p>9.1 Ия.</p> <p>Жобалап оқыту технологиясы арқылы зерттеушілік іс-әрекетті дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздерінің айқындалуы, болашақ мектепке дейінгі үйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытудың әлеуетінің зерделенуі, болашақ мектепке дейінгі үйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамытудың құрылымдық - мазмұндық моделі әзірленуі, болашақ мектепке дейінгі үйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамыту мақсатындағы тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында әдістеменің тиімділігінің тексерілуінің нәтижелері диссертацияның теориялық маңызы бар екенін көрсетеді.</p>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада колдану мүмкіндігі</p>	<p>9.2 Ия.</p> <p>Зерттеу нәтижелерін "Білім беру" бағытындағы болашақ мамандарды даярлау процесінде тиімді пайдаланудың мүмкіндігі жоғары болып</p>

		жогары: 1) ия; 2) жок	табылады, өйткені білім алушылардың зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамыту мәселелерін зерттеудің әдіснамалық негіздері мен құралдары жүйелілік, аксиологиялық, акмеологиялық, іс-әрекеттік, инновациялық тұғырлар негізінде анықталған және болашақ мектепке дейінгі үйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиялары арқылы дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін жалпы түлек моделінің негізі ретінде тәжірибеде жүзеге асыруға болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	9.3 Толығымен жаңа. Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады. Болашақ мектепке дейінгі үйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамыту жүйесінің арнағы әдістемесі, «Жобалап оқыту технологиялары негізінде зерттеушілік іс-әрекетті дамыту» атты элективті курсы, «Мектепке дейінгі үйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетіндегі жобалау технологиясы» атты әдістемелік құрал ұсынылған.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жогары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы жогары. Жазу және ресімдеу сапасы талаптарға сәйкес келеді. Ғылыми тұжырымдар мен пайымдаулардың өте сауатты ғылыми тілде жазылуы академиялық жазу сапасының жогары деңгейін көрсетеді.

Ізденуші Жанат Абдиманаповна Мамытбаеваның «Болашақ мектепке дейінгі үйым педагогтерінің зерттеушілік іс-әрекетін жобалап оқыту технологиясы арқылы дамыту» тақырыбында орындалған диссертациясы Қазақстан Республикасы Ғылым және жогары білім министрлігінің Ғылым және жогары білім саласындағы сапандың қамтамасыз ету комитетінің және «Дәрежелер беру қағидаларында» көрсетілген талаптарына сәйкес дербес орындалған және мектепке дейінгі үйым мамандарын даярлаудың теориялық және қолданбалы міндеттерін шешүге елеулі үлес қосатын іргелі ғылыми зерттеу жұмыс болғандықтан, 8D01201 – «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

Ресми рецензент:

педагогика ғылымдарының докторы,

Л.Н. Гумилев атындағы ұлттық

университетінің профессори

Менлибекова Г.Ж.

Колын қазаландырамы

Л.Н. Гумилев атындағы

ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТЕ

КАДР ҚЫЗМЕТИ

6.05.2023г.

